

**Біраяқ Ж.Б.,** оқытушы  
**Кайырбеков Е.Д.,** аға оқытушы  
**Атембеков Н.Р.,** аға оқытушы  
**Омаров О.С.,** аға оқытушы  
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

## **АСЫҚ АТУ ОЙЫНЫНА БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Аннотация:** Мақалада асық ату ойынына балалардың қызығушылығын арттырудың маңызы көрсетілген. Сонымен қатар, асық ату ойынына балалардың қызығушылығын қалыптастыру мәселелерін зерттеген отандық ғалымдардың есімдері көрсетілген. Асық ату ойынына балалардың қызығушылығын арттыру жан-жақты, жүйелі, мақсатты және үйлестірілген әрекеті екендігіне көз жеткізілген. Қазіргі таңда мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі жастарға ұлттық спортты насихаттау екендігі айтылған. Ұлттық ойындардың мақсат, міндет, принциптері айқындалған.

**Кілт сөздер:** Асық ату ойыны, ұлттық спорт, тәрбие, педагоғ, мектеп, принцип, міндет, әдебиет.

**Birayak Z.B.,** teacher  
**Kaiyrbekov E.D.,** senior lecturer  
**Atembekov N.R.,** senior lecturer  
**Omarov O.S.,** senior lecturer  
Karaganda Buketov University, Karaganda

## **FORMATION OF CHILDREN'S INTEREST IN THE GAME ASYK ATU**

**Annotation:** The article shows the importance of increasing children's interest in the game asyk ATU. In addition, the names of domestic scientists who studied the problems of forming children's interest in the game asyk ATU are indicated. Asyk ATU is a comprehensive, systematic, purposeful and coordinated action to increase children's interest in the game. It is noted that one of the most important tasks of the state is to promote national sports for young people. The goals, objectives, principles of the National Games are defined.

**Keywords:** Asyk ATU game, national sports, education, teacher, school, principle, task, literature.

Асық ойыны – әр өлкеде әртүрлі ерекшеліктерін сақтай отырып дамыған ұлттық ойындардың ішінде аса танымалы және қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойындарының ең қызықты әрі өте кең тараған түрі. Сондықтан ғасырлар бойы халықтың зердесінде сақталып келген осы бір ойынды өскелең ұрпақты тәрбиелеудің құралы ретінде пайдаланған жөн.

Бұл ойын мазмұны жағынан ұтыс ойыны тобына жатады. Қазіргі ауыл және қала балаларының ойнап жүргені «асық ату» ойыны балалардың тез қимылдауын қалайды. Мергендігін арттырады, дәлдікке, есепке үйретеді [1].

Қазақ баласының есепке жүйріктігі, міне, осындай ойындарды ойнаудан қалыптасқан. Асықты ешкім қолдан жасап жатпайды. Табиғи нәрсе. Оның жақсы салмақты түрлерінен сақа жасайды. Қазақта «қой асығы болғанмен, қолыңа жақса сақа тұт, жасы кіші болса да, ақылы асса аға тұт» деген мақал бар. Бір нәрсенің дайын екенін білдіретін «сақадай сай» сөз тіркесі де бар.

Асықтың: алшы, тәйке, бүк, шік, омпа, шоңқа деген түрлері болады. Оның ішінде алшыны өте жоғары бағалаған. Өмірде жолы болған дәулетті адамдарды «Асығы алшысынан түсіп тұр» деп айтады. Асық ойыны балаларды ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа баулиды.

Осы орайда, біз ұлттық ойынды насихаттауды басты нысанаға ала отырып, 2010 жылы Қазақстан Республикасының Спорт және денешынықтыру істері комитеті жанынан «Асық ату» республикалық федерациясы құрылды. Қазір федерацияның 5 облыста филиалы жұмыс істеп тұр. Ұлттық спортпен ұзын саны 201 973 спортшы айналысатын болса, оның 1039-ы асық ойнайтындар. Республика көлемінде 78 мектепте асық үйірмелері бар және оның 63-і ауыл мектептерінде екенін баса айту керек. Қазақстан Республикасының «Денешынықтыру және спорт туралы» Заңының 21-бабында: «Ұлттық спорт түрлері спорттың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Оның танылуы осы заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады» делінген. Еліміздің заңында осылайша кең мүмкіндіктер беріліп отырғанда, өзіміздің төл спорттық ойындарымызды дамытпау – біздің ұрпаққа сын [2].

Қай заманда болсын адамзаттың басты міндеттерінің бірі-ақылды да саналы, тәртіпті де еңбексүйгіш дені сау ұрпақ тәрбиелеу екені мәлім.

Әр халық ұрпағының қайырымды ды адал, әділ де ержүрек, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор, ар-ұяты мол, кішіпейіл болып өскенін қалайды. Ол үшін халық өзінің талай ғасырлар бойы жасап, әріден келе жатқан әдет-ғұрыпына, салт-дәстүріне арқа сүйейді.

Сол дәстүрлердің қатарында қазақтың ұлттық және спорттық ойындары да бар. Мысалы, күні бүгінге дейін мәнісін жоймаған "асық" ойыны.

«Асық» ойыны балалардың дене тұрқының өсуінде, көзінің өткірлігін дамытуда, көз қимылын жетілдіріп, бұлшық еттерінің ширап, қызметінің күшеюінде маңызы зор. Асық ойыны қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Ұсақ малдың (қой, ешкі) асықты жілігінен алынған жұмыр сүйек - асықтай ойналады. Алдымен асықтарды бір қатарға тізеді. Негізгі тапсырма, сол қатарда тізіліп тұрған бір немесе бірнеше асықты ату. Әр ойыншының өзінің «сақа» деп аталатын асығы болады. Әдетте сақа асығы деп асықтардың ішіндегі ең үлкенін пайдаланады. Кейде оның ішіне қорғасын құйып, салмағын ауырлатады [3].

Бала өз денесінің кеңістіктегі алатын орнын анықтап, көз қимылы мен дене қимылын үйлестіру, ойша байланыс орнату арқылы логикалық яғни шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Асық ойынының балалардың бойында бүкіл психикалық процестерінің ойлау, қиялдау, сөйлеу, қабылдау т.б. қабілеттерінің дамыуында маңызы зор.

Сондай-ақ балаларды ойын ережесіне бағынып, тәртіптілікке баулап, олардың бойында жолдастық, жанашырлық сезімдерін оятады.

«Асық» ойыны арқылы балалардың денесі шынығып қана қоймай, олардың арифметикалық санау дағдыларыда қалыптасады.

Баланың нерв жүйелерін шындап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді [4].

Асық ойыны – біздің ұлттық спортымыздың бір түрі. Ертеде асықты қазақтың ұлы да, қызы да қызыға ойнаған. Өйткені асық ойындарының тәрбиелік мән зор. Асықтың атып ойнайтын түрлері үнемі қимыл – қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Үнемі отырып – тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу, жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады.

Асық ату ойынының Олимпиадалық ойындар бағдарламасының қатарына енбейтіні өкінішті. Аталмыш спортқа тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар, өзге елде де қызығатындар баршылық. Бұл ойын адамның күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілік мінезін қалыптастырады.

Кезінде қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы «Асық – үлкен халықтық тәрбие. Ұлтымыздың дәстүрі мен мәдениетінің бастауы» – деп өз бағасын берген болатын. Бүгінде этнографтар мен мәдениеттанушылар аталмыш ойынның негізін феноменін зерттеу үстінде.

Мысалы, этнограф ғалым Бекет Қарашинның айтуынша, асық ойынының негізінде тылсым символдар мен кодтар, шартты белгілер жатыр. Егер сол белгілерді тауып-біліп жатсақ, біз өзіміздің қоғам бен салт-дәстүріміздің тарихи жайлы небір қызықты мәліметтерге

қанық болар едік. Айтпақшы, Тутанхамон мәйітханасынан археологтар тапқан асықтың өзі әлі күнге дейін жұмбақ күйде қалып отыр.

Өкінішке қарай, қазір асық ойыны ұмытыла бастады. Көптеген түрлері ұмытылып, мүлде ойналмайды.

Компьютердің алдында қимылсыз отырғаннан гөрі бір мезгіл асық ойнап бес саусағын шынықтырып, денесін қимылдатқан қай балаға болса да пайдалы екені даусыз. Сондықтан асық ойнап ұлттық ойынымыздың дамуына үлес қоса отырып денсаулығымызды нығайтайық.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б. Тотенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы, Қайнар, 1994 ж.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы.
3. Құрманбаева С. К. "Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі", "Алматы", 2004 жыл.
4. Наурызбаев Ж. "Ұлттық мектептің ұлы мұрасы" "Алматы", 1995 жыл.

**Біраяқ Ж.Б.**, оқытушы  
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.  
**Тлеуберлиев А.Г.**, оқытушы-ұйымдастырушы  
№ 27 Жалпы білім беретін мектеп, Қарағанды қ.  
**Мурсалов Н.А.**, оқытушы-ұйымдастырушы  
№ 18 жалпы білім беретін мектеп, Қарағанды қ.  
**Елеу Б.Т.**, оқытушы-ұйымдастырушы  
№ 5 Жалпы білім беретін мектеп, Қарағанды қ.

#### **БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**

**Аннотация:** Мақалада білім беруді жаңғырту жағдайында патриоттық тәрбиенің маңызы көрсетілген. Сонымен қатар, патриоттық тәрбие мәселелерін зерттеген отандық ғалымдардың есімдері көрсетілген. Патриоттық тәрбиенің мемлекеттің жан-жақты, жүйелі, мақсатты және үйлестірілген әрекеті екендігіне көз жеткізілген. Қазіргі таңда мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу екендігі айтылған. Патриоттық тәрбиенің мақсат, міндет, принциптері айқындалған.

**Кілт сөздер:** Патриоттық тәрбие, патриотизм, экономика, педагог, мектеп, принцип, міндет, әдебиет.

**Birayak Zh.B.**, teacher  
Karaganda Buketov University, Karaganda  
**Tleuberliev A.G.**, teacher-organizer general educational  
Secondary school No. 27, Karaganda  
**Eleu B.T.**, teacher-organizer general educational  
Secondary school No. 5, Karaganda

#### **PATRIOTIC EDUCATION IN IMT LESSONS IN THE CONTEXT OF MODERNIZATION OF EDUCATION**

**Annotation:** The article shows the importance of patriotic education in the conditions of modernization of education. In addition, the names of domestic scientists who studied the issues of patriotic education are indicated. It was convinced that patriotic education is a comprehensive, systematic, purposeful and coordinated activity of the state. Currently, one of the most important tasks of the state is the military-patriotic education of young people. The goals, objectives, and principles of patriotic education are defined.